# ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІН ЖҮРЕКПЕН СЕЗІНУГЕ ТИІСПІЗ



Ел тәуелсіздігінің ең басты белгілерінің бірі – оның өзіне ғана тән мемлекеттік рәміздерінің болуы. Бұл – елдің басқару билігін өз қолына алуы, мемлекеттік шекарасын айқындауы, төл теңгесін шығаруы сияқты аса маңызды егемендік сипаттарымен біте қайнасып жатыр. Тарихқа көз жүгіртсек, көне түркі дәуірлерін айтпағанның өзінде, бергі XV ғасырдағы Қазақ хандығының да өз байрағы, шекарасы болған. Кешегі кеңестік дәуірде де одақтас республикалардың бірі ретінде кеңестік Қазақстанның Туы, Елтаңбасы, Әнұраны болды. Бірақ бұл толық дербестігімізге, егемендігімізге кепілдік бере алмайтын еді. Біз Одақтың құрамындағы, бодандық құрсауындағы ел едік. Тек 1991 жылы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік рәміздеріміз арқылы әлемдік қауымдастық дербес мемлекет ретінде тани бастады. Конституцияның 34-бабын «Әркім республиканың рәміздерін құрметтеуге міндетті» деп тайға таңба басқандай етіп бекітті. Ал, сол міндетті сезіну және орындау үшін әрбір отандасымызға үйде, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында, өндірісте, мекемелерде ұдайы тәлімдік-тәрбиелік жұмыстар жүргізілуі керек.

Рәміздерге байланысты қадағалау жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуі керек сияқты. Мемлекеттік мекеменің маңдайшасына ілінген көк Тудың түсінің оңып кетпеуін, бүлінбеуін, биікте желбіреп тұруын ұдайы бақылауда ұстауды міндеттеу керек. Кейбір мекемелер көк туы боз туға айналып кеткенше мән бермейді. Мұндай жауапсыздықтан арылып, мемлекеттің ең қасиетті, ең киелі, ең қадірлі елдік белгісі мемлекеттік рәміздері екенін жүрегімізбен, бар болмысымызбен сезінуге тиіспіз. Өйткені, мемлекетке құрмет мемлекеттік рәміздерге деген құрметтен басталады.

***Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,***
***ОҚМУ-дің халықаралық қатынастар және саясаттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты.***

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
5
№87-88
СЕНБІ,
4 маусым,
2016 жыл
...қоғамдық-саяси газет — okgazeti@gmail.com